

**ОРТА ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ИСЛАМДЫҚ СӘУЛЕТ ӨНЕРІНДЕГІ
КӨРКЕМ ЕСІКТЕРДІҢ ӘРЛЕНУІ
PAINTERLY DECORATION OF DOORS IN MEDIEVAL
ISLAMIC ART**

Д.МҰСТАПАЕВА*

Түйіндеме

Мақалада исламдық сәулет өнеріндегі есіктердің әрленуі, есіктің символдық мәні және елдің рухани мәдениетіндегі маңызы туралы баяндалады. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің XIV ғасырда жасалған қабірхана, қазандық бөлмелерінің есіктерінің, қабірхана есігінің тұтқаларының ислам өнеріндегі дамыған талаптарға сай әрленуі туралы сөз болып, қабірхана есігінің тұтқалары, есіктегі жазуларға байланысты зерттеулер сараланған.

Кілт сөздер: Кесене, қабірхана, есік, қолтаңба, сәулет өнері, Қожа Ахмет Ясауи.

Summary

This article discusses decoration of doors in Islamic art. Symbolical meaning and significance of a door is narrated, and the conformance of doors at KhojaAkhmetYassawi mausoleum's tomb and "kazandyk" (the cauldron hall) with time imperatives developed in Islamic art is described herein. Along with that a scientific researches, related with door handles and writings on the doors, have been analyzed.

Keywords: Mausoleum, door, signature ,spiritual, painterly, islamic art, Khoja Akhmet Yassawi.

Өнер адам бойына шынайы толыққандылық, қуаныш пен күш-қуат сезімін береді. Діни сенім белгілі бір іс-әрекеттер жүйесі, яғни рәсімдер, мейрамдармен үйлеседі. Осыған орай, діни сәулет ескерткіштері әрбір әлемдік діндерде өзіндік эстетикалық орта құрғаны белгілі. Дін өнер секілді қоғамның рухани өмірінің шыңында тұр, сондықтан адамның толық рухани әлемін қамтуға қабілетті [1, 431].

Әлемдік діндер және өнерді зерттеушілер діни рәсімдердің белгілі эстетикалық ортада, көркем интерьер және экстерьерлерге сай өтетінін айтады [1, 301]. Діни сәулет өнері әлемдік діндердің өзіндік

* тарих ғылымдарының кандидаты, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің доценті. Түркістан-Қазақстан
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, International Kazakh-Turkish University
named Ahmat Yassawi. Turkistan-Kazakhstan. mdilda@mail.ru

күрделі жүйесін құрып дамыды. Әлемдік діндер мен өнердің өзіндік ықпалы белгілі бір айқындалған мәдени-рухани, әлеуметтік деңгейдегі белгілі бір толықтық туындата отырып, әрбір діннің өнер жүйесінде өзіне тән жетекші өнері болды. Әлемдік діндерде, атап айтқанда, буддизмде көркем-қолданбалы өнер – мүсін өнері болса, христиандықта бейнелеу өнері, пластика, ислам өнерінде көркем жазу, көркем-әшекейлі өнер өркендеді. Діни рәсімдерде қолданылған өнер туындылары, заттар белгілі бір елдің мәдениетін, нақты тұрмысын бейнелейді. Діни өнер туындылары уақыттың сынынан өте отырып, адамзат баласының үлгілі мәдени туындыларының қатарына енгені анық. Сондықтан түрі және атқаратын қызметі бойынша діни өнер туындылары заманауи мәдениет үшін өз маңызын жоймайды. Солардың ішінде ислам сәулеті және оның белгілі бір бөлшектерінің дамуы мен ерекшелігін айтуға болады.

XX ғ. мұсылман сәулет өнерінің білгірі А.Саладин сәулет өнеріндегі бес негізгі мектепті көрсетеді. Бұлар: испан-мавритан, сирия-египет, иран, түрік және үнді деп бөлінген болатын [2, 28]. Діни сәулет құрылыстарының көптеген бөліктері, атап айтқанда есіктер, ұстындар, ғимараттың төбелері, жақтаулары т.б. ағашқа ойып түсірілген нақыштармен әрленген. Өте нәзік өсімдік және геометриялық өрнектер дәстүрлі сан алуан құрылымдармен ұласады. Исламдық сәулет өнері туындыларын өрнектеуде шеберлер белгілі қалыптасқан ережелерге сүйенді. Мұсылман өнері өрнектерді семантикалық-эстетикалық үйлестіру арқылы Жаратушының құдіретін бейнелейді. Мұсылман мәдениетінің барлық бөлшегін байланыстырған ислам өнерінің маңызды көрінісі араб каллиграфиясы болды. Ислам өнеріндегі барлық жазулардың терең рухани, діни көркем мәні бар [1, 386].

Ислам сәулет өнерінің бір бөлшегі есіктерді өрнектеу белгілі бір ережелерге сай дамығаны белгілі. Осыған орай өрнектік сарынды геометрияланған, эпиграфикалық, өсімдіктестес өрнектердің үйлесуінің керемет үлгілерін шеберлер дамыта білген. Оның бір үлгісі ретінде Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің қазандық және көрхана бөлмелерінің ағаш есіктерін айтуға болады. Қоладан соғылып, алтын, күміс жалатылған есік тұтқалары халық өнерінің інжу-маржандарына жатады. Ағашқа ою-өрнек салу өнерінің Қазақстан мен Орта Азияда өте ерте заманнан дамып келе жатқаны белгілі [3, 23].

XIV ғ. екінші жартысымен, 1397 жылмен мерзімделген Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің ағаш есіктерінің әрленуі осының куәсі деуге

болады. Кезінде көрхана есігінің ою-өрнектері сүйекпен ерекше нақышталған. Есік жұқа темірмен қапталып, оған алтынмен жазулар түсіріліп, үстіндегі тас тақтайға көрхана Әмір Темірдің бұйрығымен тұрғызылғандығы жайында жазылған.

Шеберлер мешіттерді, қолөнер туындыларын, діни рәсімдік заттарды әрлеуде ою-өрнектердің ең көне түрлерін, ислам ережелерінің талаптарына сай үйлестіріп өрбітті. Оны ағаш есіктерде түсірілген өрнектер сарынынан көреміз. Эпиграфикалық әрлеуде гүлденген куфи, насх, сулс жазу түрлері қолданылған [4, 24]. Исламдық сәулет өнеріне тән белгі, әрлеу бөліктері ретінде Құранның мәтіндерінен үзінділерді қолдану болды. Бұл мәтіндер ағашты ою, металдарға шекімелеп т.б. әдістермен түсіріліп отырды. Мұсылман сәулет өнерінде ою-өрнектердің маңызы зор болды. Өрнектер исламдағы тірі жанды бейнелеуді алмастырып, көркем мәнді құралға айналды. Сәулет өнерінде өсімдік сипатындағы өрнектер, геометрияланған, эпиграфиялық өрнектер сарыны кең өрбіді. Эпиграфиялық өрнектер сарыны ислам өнеріндегі басым сипатқа ие болған өнер түрі болды. Ислам сәулет өнерінде әр түрлі бөліктерін әрлеуде аталған өрнектер түрлі нұсқаларда дамытылып қолданылғаны белгілі. Ғимараттың іші, сырты, михраб, күмбездер, терезелер, ойықтар, мінбер, есіктерді, діни ғимаратқа тән басқа да қолданбалы өнер туындыларын әрлеуде қолданылды [5, 16]. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі көрхана және қазандық бөлмелерінің есіктеріндегі әрлеу түрлері исламдық сәулет өнерінің талаптарына сай.

Исламда есіктің қасиетті мәні, өрнектердің мазмұны мен сипаты тек діни ғимараттардағы есіктер т.б. бөліктерді әрлеуде ғана емес, барлық тұрғын үйлерді әрлеуде де қолданылды. Қолданбалы өнер шеберлері исламдағы белгілі бір исламдық ережеге сай қалыптасқан эпиграфикалық құрылымдарды көркем бейнелеу аумағынан шықпай жетілдіріп, түрі, құрылымы бойынша байыта түскені белгілі. Есіктерге жазулар сулс, гүлденген куфи үлгілерінде түсірілген. Жамағатхана және қабірхана есіктерінің тұтқасында Алланың есімдері, Құран аяттары, хадистерден үзінді жазулар сулс, гүлденген куфи үлгілерінде түсірілген [4, 29].

Есік халықтың дүниетанымында киелі болып қабылданады. Ол бір әлемнен екінші әлемге өту нүктесі деп есептеледі. Ислам діні арқылы санада берік орныққан, дін аша келген рухани тұлғалардың есімдеріне де «баб» сөзі қосылып аталуының да өзіндік осындай бір тұжырымы бар [6, 119].

Қабірхана есігінің сақталған, күміспен апталған пластиналарында сулс қолтаңбаларымен Жаратушы Алланың есімдері жазылған. Қабірхана есігінің тұтқалары 1959 жылы жоғалған. XIV ғасырда жасалған құнды жәдігердің кейінгі тағдыры, заттың қайда, қай жерде екені туралы деректер жоқ. Мүмкін болашақта ол туралы тың деректер, мәліметтер табылып қалар. Ғалымдар қабірхана есігінің тұтқалары, олардағы жазулар туралы зерттеулерін 1905 жылы кесененің жоспарын, өлшемін алып, зерттеуге келген экспедицияның архитекторы А.Гуржиенконың салған суреті арқылы жүргізді. Есік тұтқаларында насх үлгісінде Сағидидің «Гүлістанынан» үзінді жазылған [7, 74].

Онда: «Мақсат өзінен кейін із қалдыру, тіршілік мәңгілік емес. Мүмкін бір сопы бір күні мүсіркеп, бейшараның жағдайы үшін дұға етер», - деген есіктегі жазу мәтіні бұл өмірдің өткінші, жалғандығы, өзінен кейін қалдырар жақсы іс, адам баласына мейіріммен қараудың рухани мәні мен маңызы туралы баяндайды.

Зерттеулерде тұтқалардың сипаттамалары Мемлекеттік Эрмитажда, Шығыс бөлімінде сақтаулы архитектор А.Гуржиенконың суреті бойынша берілгендігі жоғарыда айтылды. Олардың формасы қазандық бөлмесінің есігінің алқаларына ұқсайды [7, 74].

Қожа Ахмет Ясауи кесенесін зерттеген еңбектерде қабірхана, қазандық бөлмелерінің есіктеріне қатысты деректер кездеседі. Ө.Диваевтың А.Н.Ахмеровке жіберген Лутфулла қожа қарының жазбасын зерттеп, аударған А.Н.Ахмеровтың зерттеуінде есіктерге қатысты деректер бар.

XIX ғасырдың 1896 жылы жарияланған зерттеуде қабірхана есігінің тұтқасындағы екі шеңберде күміспен апталып жазумен «О кіршіксіз», «О айқын», «О қайырымды», «О әділ», «О рахымды» деп Жаратушының есімдері түсірілгені, шебердің есімін «Изз ад-дин Тадж ад дин Исфакхани хижраның 799 жылы» деп келтіреді [8, 541].

1928 жылы Ж.Аймауытов «Әзірет Сұлтан» кесенесінде болып, жазған мақаласында «Кесененің есіктеріндегі өрнектер ислам өнерінің ережелеріне сай өріліп, асқар дарбазадан көрген адамның Жаратушының алдында өзін құмырсқадай сезіндірер бір сезімде қалдырардай әсер береді», «бөлек-бөлек сүйек оюдан құрап, жыбырлата нақыстаған, нақысына ми жетпестей ғажап есік...» деп жазады [9,12].

1896 жылы жарияланған мақаласында А.Н.Ахмеров есіктегі халқада жазылған шебердің есімін «Изз ад-дин Тадж ад дин Исфакхани хижраның 799 жылы» деп келтірсе [8,541], М.Е.Массон 1928 жылы өз зерттеуінде «Изз ад дин Исфакхани хижраның 797 жылы, яғни 1994/95 жылдар» деп көрсетеді [10, 21]. Ол да есіктің сопақша кәсегінде Құран аяттары алтынмен жазылған, әдемі сақталған, сүйекпен безендірілген, сирек кездесетін келісті есік туралы баяндайды. Осы аталған есіктің халқаларындағы жазулар, сыртқы сипаты туралы П.И.Ахмеров [8], М.Е.Массон [10], Ж.Аймауытов [9], А.Ивановтың [7] мақалаларында, зерттеулерінде қамтылған.

Қабірхана, қазандық бөлмелерінің есіктерінің тұтқалары есік ашылып, жабылғанда дыбыс шығарып, ол ғимаратқа кірген зиаратшылардың көңіл-күйіне ерекше жан тербетерлік әсер еткен [10, 23]. Есіктердің өрнектелу мәнеріне келсек, нәзік өсімдік сипаттағы өрнектер, геометриялық өрнектер үйлесе отырып түрлі құрылымдар құрады. Сол кездегі шеберлер ағаш есікті жасауда қараағаш, терек, жаңғақ, арша, тұт т.б. ағаш түрлерін қолданды. Ағаш есіктерді ойып әрлеу өте жоғары жетілген деңгейде дамыды. Оларды өндеуде, әрлеуде әртүрлі ағаштардың жиынтығы үйлестіре отырылып пайдаланылды.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі ағаш есіктер кезінде алтын, күміспен әшекейленіп, сүйекпен әрленген. Ағашты ойып әрлеу ғасырлар бойы дамыған өнер түрі. Діни ғимараттардағы, тұрғын үйлердегі есіктерді, тұрмысқа қажетті заттарды т.б. жасауда ағаш өнері өркендегені белгілі. Ағашты өндеу дамыған және кейбір бағытта маманданған қолөнер түрі болды [11, 172]. Орта Азия халықтарында сүйекті ұқсату, ою кең тараған. Қазақтардағы сүйек ұқсату өнерін «өзіндік сипаты бар, жоғары дамыған өнер» дейді зерттеушілер [12, 103].

Сүйекшілік өнері әлем халықтарында кең тараған. Әр халықта сүйекті әр түрлі ұқсату әдістері дами түскен. Сүйек өрнегі көптеген бөлшектерден тұрып, өрнектелген сүйекке күміс жапсыру, сәнді тастар орнату дәстүрлері болған және ғасырлар бойы кесенелер, діни ғимараттар т.б. салғанда кең қолданылып келді. Ахмет Ясауи кесенесінің қабірхана, қазандық бөлмелерінің есіктерінің де кезінде сүйекпен безендірілуі ертеден келе жатқан өнердің жүйелі қолданылуы деуге болады [13, 102].

Ислам өнері әртүрлі ұлттың өнер ерекшеліктерімен бірге, ислам өнеріне ортақ ережелерге ие болды. Ислам өнеріндегі екі бағыт - сәулет өнері мен көркем-қолөнер ерекше дамығаны белгілі. Қожа

Ахмет Ясауи кесенесінің қабірхана, қазандық бөлмелерінің есіктерінің әрленуінде де осы екі бағыттың дамуының жетістіктері толық көрінеді. Өрнектерді жасауда ұсталар керемет шеберлік көрсетіп, жазулар мен әр түрлі өсімдік тектес, геометрияланған өрнектерді үйлестіре білген, ол «арабеска» деп аталды [14, 451]. Орта ғасырлық діни ғимараттардағы жазулардың мәні, өрнектердің мазмұны Жаратушының шексіз сұлулығын бейнелеп, терең мәнге ие болды.

1397 жылмен мерзімделген қабірхана және қазандық бөлмелерінің есіктері ислам өнерінің талаптарына сай әрленген. Атап айтқанда, есіктердегі тұтқаларда, яғни балғаларда түсірілген жазулар алтын, күміспен әрленіп, жазулар сулс, насх қолтаңбасымен түсірілген. Исламдағы жазулардың терең рухани және діни-көркем мағынасы бар [15, 386]. Есіктерде 23 хадис жазылған және хадистер сулс қолтаңбасымен түсірілген [4, 34]. Сулс жазуы, тұзақтан шыққан спираль тәрізді өрнек, XI ғасырда, селжұқтар дәуірінде қалыптасты. Мұндай эпиграфикалық әрлеудің пайда болуы түркі тектес илханидтер, қараханидтер, селжұқтар дәуірінде қалыптасқан және Орталық Азияның көшпенділерінің дүниетанымының көшірмесі болды [16, 185]. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі қабірхана, қазандық есіктерінің өрнектелуі осы дүниетанымдарға негізделген. Балғаларда түсірілген жазуларда бұл өмірдің өткіншілігі, жалғандығы туралы тұжырымдар жазу түрінде түсіріліп, бейнеленген. Сағдидің «Гүлстанынан» үзінді әрлеп жазылған, мағынасы «есіктің жақсы, жаны адал адамдарға ашық, дұшпандарға жабық» екендігін айтады [6, 135].

XIV ғ. Қожа Ахмет Ясауи кесенесіндегі қазандық, қабірхана бөлмелерінің есіктерін әрлеу, жазу сипаттары Орта Азиядағы кесене, медреселердің есіктерінде қолданылған ислам өнерінің жалпы ережелеріне сай орындалған. Мұны кесененің қазандық бөлмесінің күмбезінен табылған ағаш бекіткіштердегі өрнектер, XIV-XV ғғ. салынған Түркістандағы мешіттердегі ұстындардағы ою-өрнектер нақтылай түседі [17, 111]. Олар исламның эстетикалық-көркем принциптеріне негізделген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Яковлев Е.Г. *Искусство и мировые религии*. –М., 1985. –224 с.
2. Пугаченкова Г.А. *Хорасанские мавзолей // Художественная культура Средней Азии IX-XIII века*. Сб.статей. –Ташкент: Изд. Лит. Искусства, 1983. –208 с.

3. Нұрмұхаммедов Н.Б. *Ахмед Ясауи сәулет ғимараты. Альбом.* –Алматы: Өнер, 1988. -168 б.
4. Туякбаева Б.Т. *Эпиграфический декор архитектурного комплекса Ахмеда Ясауи.* –Алма-Ата: Өнер, 1989. -176 стр.
5. Пугаченкова Г.А., Ремпель Л.Н. *Выдающиеся памятники изобразительного искусства Узбекистана.* –Ташкент, 1960. –С.16.
6. Жүнісбаев Ұ. *Ладуни ғылым (Әзірет Сұлтан кесенесінің есіктеріндегі хадис пен нақылдардың мәні)//Ясауи әлемі.2009, N1(1)).*-б. 119-135.
7. Иванов А.А. *О бронзовых изделиях конца XIV в. из мавзолея Ходжа Ахмеда Ясеви// Средняя Азия и ее соседи в древности и средневековье.* –М.: Главная ред. Восточной литературы, 1981. -68-84 с.
8. Ахмеров П.Н. *Надпись мечети Ахмеда Ясауи// Известия Общества Археологии, истории и этнографии при императорском Казанском университете.* Том. XIII. Вып.1-6. Казань, 1896.
9. Аймауытов Ж. *Әзірет Сұлтан (Қожа Ахмет Ясауи). Таңдаулы мақалалар жинағы.* –Шымкент: Жібек Жолы, 2000. -64 бет.
10. Массон М.Е. *Қожа Ахмет Ясауи кесенесі.* –Шымкент: Жібек жолы, 2000. - 64 б.
11. Мадуанов С., Шалекенов М. *История взаимоотношений народов Туркестана в XVIII-начале XXв.в.*-Туркестан:Туран, 2008.-350 с.
12. Масанов Э.А. *Заметки о резбе по кости и камню у казахов (вторая половина XIX – XXвв.) // Материалы и исследования по этнографии казахского народа. Труды ИИАЭ АН ССР им. Ч.Ч.Валиханова. т.18.* –Алма-Ата, 1963. –С.103-121.
13. Қасиманов С. *Қазақ халқының қолөнері.* –Алматы: Қазақстан, 1996. -240 бет.
14. *Религия в истории и культуре. Учебник для вузов/ под. Ред. М.Г.Писманика.* -2-е изд. М.:ЮНИТИ-Дана, 2000. -591 с
15. Яковлев Е.Г. *Искусство и мировые религии. Учеб. пособие.* –М.: Высшая школа, 1974. -224с
16. Жәніс Жомарт. *Ортағасырлардағы тұрандықтар және Иран (XI-XIV ғғ. түркілер билігі тұсындағы Ирандағы саяси және мәдени даму).* – Түркістан: ХҚТУ, 2004. -223б.
17. Кожя М. *Новые данные об архитектурных памятниках Туркестана // Мәдени мұра.* -2015. - N3 (60.) –С.106-111.